

6D070700 – «Тау-кен ісі» мамандығы бойынша  
философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін ұсынылған  
«Аралас өндіру кезінде тау-кен жыныстар сілемінің тұрақтылық  
өлшемшарттарын негіздеу бойынша геотехнологиялық зерттеулер  
(Ақжал кенорнының мысалында)» тақырыбындағы  
Суимбаева Айгерим Маратовнаның диссертациялық жұмысына  
ғылыми кеңесшінің

## ШІКІРІ

«Ақжал» кенішінде пайдалы қазбаларды аралас тәсілмен игеруге көшуіне байланысты карьер астындағы және борт жанындағы қорларды қазып өндіру кезінде техногендік ашық беттердің орнықтылығын қамтамасыз етумен байланысты міндеттер үлкен ғылыми және практикалық қызығушылық тудырады. Докторант Суимбаева А.М. өзінің ғылыми жұмысында карьер астындағы сілемде орналасқан тау-кен қазбаларына жақын тау жыныстарының кернеулі-деформациялы күйін (КДК) зерттейді және «Ақжал» кеніші жағдайында аралас қазып өндіру кезінде сілемнің орнықтылық мәселелерін шешеді.

Диссертациялық жұмыста мақсатқа жетудің және қойылған міндеттерді шешудің нәтижесі болып табылатын жаңа, ғылыми негізделген нәтижелер бар. Зерттеудің негізгі нәтижелері келесідей:

- сілемнің КДК-ін зерттеу әдістерін және рейтингтік көрсеткіштер негізінде сілемнің орнықтылығын бағалаудың қазіргі заманғы әдістерін салыстырмалы талдау барысында «Ақжал» кеніші жағдайында техногендік ашық беттердің орнықтылық параметрлерін негіздеу үшін ұтымды жолы ретінде тау жыныстары мықтылығының геологиялық индексін (GSI) ескере отырып сандық модельдеу әдісі таңдалған;

- кешенді шахталық зерттеулердің нәтижелері бойынша тау жыныстары мықтылығының геологиялық индексінің (GSI) мәні анықталған;

- сандық модельдеу нәтижелері бойынша карьер астындағы сілемдегі негізгі кернеулердің карьер түбіне дейінгі қашықтықтан өзгеру заңдылықтары анықталған және карьер астындағы сақтандырғыш кентіректің орнықты күйінің қауіпсіз параметрлері негізделген;

- рейтингтік жіктеулерді ескере отырып, сандық модельдеу негізінде аралас қазып өндіру кезінде сілемнің геомеханикалық күйін кешенді бағалау әдістемесі жасалды. Осы әдістеме негізінде кәсіпорындардың тапсырыстары бойынша бірқатар ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізіліп, оңтайлы нәтижелер алынды.

А.М. Суимбаеваның зерттеу жұмысының нәтижелері «NOVA-Цинк» ЖШС «Ақжал» жерасты кенішінің тау-кен жұмыстары жоспарларын әзірлеу және +505 м, +545 м горизонттардағы қазбалардың контур маңы бөлігінің геомеханикалық күйін бағалау кезінде, сондай-ақ ҚарТУ КЕАҚ «Пайдалы қазбалар кен орындарын қазып өндіру» кафедрасында «Тау-кен сілемінің рейтингтік жіктемелері» және «Тау-кен қазбалары бекітпесін есептеу»

пәндері бойынша дәріс сабақтарын өткізу үшін оқу процесінде пайдаланылды.

Жалпы, диссертациялық жұмыста шешілетін міндеттердің ішкі бірізділігі байқалады, ғылыми жаңалығы тәжірибелік мақсатқа бағдарлануымен сипатталады, негізгі қорғалатын ғылыми қағидалар нақты материалдарымен негізделген. Диссертацияның барлық бөлімдері бір-бірімен байланысты, нәтижелері мақсатқа сәйкес келеді.

Диссертациямен жұмыс барысында Суимбаева А.М. теориялық зерттеулерді өз бетінше орындауға және кенорындарын аралас қазып өндіру кезінде техногендік ашық беттердің орнықтылық параметрлерін негіздеу үшін карьер астындағы сілемдегі геомеханикалық процестерді зерттеу бойынша ғылыми жұмыстарды жүргізуге қабілеттілігін көрсетті. Диссертациямен жұмыс кезінде диссертант шаруашылық келісімшарттағы ғылыми-зерттеу жұмыстарының орындаушысы болды.

Жоғарыда баяндалған ақпараттың негізінде А.М. Суимбаеваның диссертациялық жұмысы жаңа негізделген ғылыми нәтижелердің жиынтығын қамтитын өзекті, аяқталған ғылыми зерттеу болып табылады деп есептеймін.

«Аралас өндіру кезінде тау-кен жыныстар сілемінің тұрақтылық өлшемшарттарын негіздеу бойынша геотехнологиялық зерттеулер (Ақжал кенорнының мысалында)» тақырыбындағы диссертациялық жұмыс ҚР БҒМ білім және ғылым саласындағы бақылау Комитетінің философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін беру бойынша диссертацияларға қойылатын талаптарына жауап береді, ал оның авторы Суимбаева Айгерим Маратовна оған 6D070700 «Тау-кен ісі» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін беруге лайық.

**Ғылыми кеңесші:**  
**PhD докторы,**  
**ҚарТУ «Пайдалы**  
**кенорындарын қазып өндіру»**  
**кафедрасының меңгерушісі**



**А.Ж. Имашев**

